

**Латвия Республикасының Электрондық үкімет мәселелері жөніндегі министрі Ина Гуделе бастаған делегацияның Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 13 қарашадағы N 322-ө  
Өкімі

2006 жылғы 13-17 қарашада Астана және Алматы қалаларында Латвия Республикасының Электрондық үкімет мәселелері жөніндегі министрі И.Гуделе бастаған делегацияның Қазақстан Республикасына ресми сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз е т у

м а қ с а т ы н д а :

1. Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, сапарды дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы: қосымшаға сәйкес Латвия Республикасы ресми делегациясының мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шараларын қабылдасын;

сапарды Астана және Алматы қалаларында өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыруды 2006 жылға арналған республикалық бюджетте 001 "Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды адамдарының қызметін қамтамасыз ету" және 003 "Республикалық деңгейде халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы" бюджеттік бағдарламалары бойынша көзделген қаражат есебінен қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі делегация мүшелерінің Алматы қаласында Ақпараттық технологиялар паркінде болуын және Қазақстан Республикасы мен Латвия Республикасының іскер топтарының қатысуымен бизнес-форум өткізуді ұйымдастырсын.

4. Астана және Алматы қалаларының әкімдері мәдени бағдарлама ұйымдастыруды қ а м т а м а с ы з е т с і н .

5. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

*Премьер-Министр*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2006 жылғы 13 қарашадағы

№ 322 - өкіміне

қосымша

**Латвия Республикасы ресми делегациясының мүшелеріне  
қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шаралары**

1. Ресми делегация мүшелерін Астана және Алматы қалалары әуежайларының жоғары лауазымды тұлғаларға арналған залдарында қарсы алу және шығарып салу жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету.

2. Астана және Алматы қалаларының әуежайларында ресми делегация мүшелерін қарсы алу және шығарып салу кезінде шай дастарханын ұйымдастыру.

3. Ресми делегация мүшелерін (1+3 форматы бойынша) Астана қаласының "Риксос Президент Отель" қонақ үйіне, Алматы қаласының "Риджент Анкара" қонақ үйіне орналастыру, тамақтандыру және көліктік қызмет көрсету.

4. Астана - Алматы бағыты бойынша ресми делегация мүшелерінің авиаұшуына ақы төлеу.

5. Ресми делегация басшысы мен мүшелері үшін сыйлық және кәдесыйлар сатып алу.

6. Іс-шаралар өтетін жерлерді гүлмен безендіруді ұйымдастыру.